

Екібастұз қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2016 жылғы 8 қаңтардағы № 14/1 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы " Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 40-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларымен сәйкестікке келтіру мақсатында, Екібастұз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Екібастұз қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімі аппаратының басшысы Ф.Б.Сапариеваға жүктелсін.

Екібастұз қаласының әкімі

А. Вербняк

Екібастұз қаласы әкімдігінің
2016 жылғы "8" қаңтардағы
№ 14/1 қаулысына
қосымша

Екібастұз қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының тізбесі

1. Екібастұз қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 6 қаңтардағы "Екібастұз қаласының мүгедектері үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" № 20/1 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12-3-315 болып тіркелген, 2012 жылғы 9 ақпандағы № 6 (1100) "Отарқа" және № 6 (2912) "Голос Экибастуза" газеттерінде жарияланған);

2. Екібастұз қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы "Екібастұз қаласы жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасының қағидаларын бекіту туралы" № 41/1 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3692 болып тіркелген, 2014 жылғы 20 ақпандағы № 7 (1205) "Отарқа" және № 7 (3017) "Голос Экибастуза" газеттерінде жарияланған);

3. Екібастұз қалалық әкімдігінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы "Екібастұз қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 6 қаңтардағы "Екібастұз қаласының мүгедектері үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" 20/1 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" № 44/1 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3683 болып тіркелген, 2012 жылғы 9 ақпандағы № 6 (1204) "Отарқа" және № 6 (3016) "Голос

Экибастуза" газеттерінде жарияланған);

4. Екібастұз қалалық әкімдігінің 2015 жылғы 05 маусымдағы "Екібастұз қаласы әкімдігі атқарушы органдары "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалау әдістемесін бекіту туралы" № 643/6 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4561 болып тіркелген, 2012 жылғы 9 ақпандағы № 6 (1100) "Отарқа" және № 6 (2912) "Голос Экибастуза" газеттерінде жарияланған)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК